

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің Затон ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округ әкімінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № 10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 ақпанда № 6025 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 22 қазандағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Затон ауылы халқының пікірін ескере отырып, Петерфельд ауылдық округі әкімінің міндет атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің Затон ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№ 1 атауы жоқ көше - Аққайың көшесі;

№ 2 атауы жоқ көше – Мерей көшесі;

№ 3 атауы жоқ көше- Шұғыла көшесі;

№ 4 атауы жоқ көше- Достық көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар ауданы

Петерфельд ауылдық округі

әкімінің міндетін атқарушы

К.Имамутдинова

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Петерфельд ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы
20 ақпаны № 10 шешіміне қосымша

Петерфельд ауылдық округінің Затон ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы схемалық карта



Петерфельд ауылдық округі әкімінің міндет атқарушысы Қ.Имамутдинова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК